

АЛТАУ Ардагері



ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№40(50) 4 қазан 2024 жыл

Республикалық көшпелі семинар

КЕҢІНЕН ҚОЛДАУ БІЛДІРДІ

Жақында Түркістан қаласында «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі Орталық кеңестің республикалық семинар-кеңесі болып өтті. Күн тәртібіндегі негізгі мәселелердің бірі Ел Президентінің «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауындағы ең өзекті тақырып - атом электр станциясы және оның құрылысына байланысты міндеттерді талқылау болды.

Республикалық көшпелі кеңесті Қазақстанның Еңбек Ері, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі Орталық кеңесінің төрағасы Бақтықожа

Орталық кеңесінің төрағасы Бақтықожа Салахатдинұлы Ізмұхамбетов баяндама жасады.

Баяндамадан соң тақырып аясында Түркістан облыстық ардагерлер кеңесінің

Қазақстан халқына арнаған Жолдауына кеңінен қолдау білдірді.

Жиын соңында Түркістан облысының ардагерлер қозғалысына белсенді араласып жүрген облыс ардагерлеріне Орталық кеңес марапаттары тапсырылды.

Жиыннан соң қонақтар Түркістан облысының киелі орындары туралы көрмемен танысып, Х.Ясауи ХҚТУ-нің студенттермен кездесті. Университеттің мәдениет залында музыкалық-композициялық еңбек адамына арналған қойылым қойылды. Қойылым кейіпкері Қазақстанның Еңбек Ері, ҚР Парламенті мәжілісінің депутаты, Орталық кеңестің төрағасы Бақтықожа Салахатдинұлы Ізмұхамбетов сахналық қойылымды сомдаған қыз-жігіттерге ризашылығын білдіріп, гүл шоқтарын ұсынды.

Жиын соңында Қазақстанның Еңбек Ері, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, Орталық кеңестің төрағасы Бақтықожа Салахатдинұлы Ізмұхамбетов студент жастармен сырлы сұхбат жасап, Х.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университетіне шығармашылық кітабын тапсырды. Кездесу соңында Х.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университетінің ректоры Жанар Темірбекова оқу ошағының тыныс-тіршілігі, жетістігі мен алдағы мақсаттары туралы ойын ортаға салды.

Қонақтар түстен кейін Түркістан қаласындағы «Керуен сарай» кешенімен танысты. Түркістан қаласындағы Ұлы Жеңістің 80 жылдығының қарсаңында соғыс ардагерлеріне арналған «Мәңгілік алауға» гүл шоқтарын қойып, «Жібек жолы» саябағында ағаш отырғызу рәсімін жасады.

Ерболат ТҰРЫМБЕТОВ,
Алматы облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы.



Салахатдинұлы Ізмұхамбетов ашып, жүргізді. Алғашқы сөз Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалдыға берілді. Облыс әкімі өз сөзінде жиналғандарды облыстың экономикалық-әлеуметтік жағынан дамуы барысына тоқталып, ардагерлерді бүгінгі салтанатты іс-шарамен құттықтап, олардың жұмысына сәттілік тіледі. Бұдан соң Қазақстанның Еңбек Ері, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі

төрағасы Ж.Мәуленқұлов, Орталық Кеңес төралқасының мүшесі Ж. Ергалиев, Маңғыстау облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы С.Төлетов, Абай облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы М.Әлин жарыссөзге шығып, атом электр станциясының құрылысына байланысты ұтымды ойларын ортаға салды. Семинарға қатысқан ардагерлер Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаевтың үстіміздегі жылдың қыркүйек айындағы

Социальная сфера

ЗДОРОВЬЕ НАЦИИ: СТАРОСТЬ В РАДОСТЬ!

Эту известную поговорку перифразировали в областном Центре активного долголетия.

Утром, около 10:00, городской парк имени Қонаева заполнили люди в спортивных костюмах. В основном это были женщины пожилого возраста, а также небольшая группа мужчин, которые выделялись зелеными жакетами и футболками с эмблемами центра. Все они делали разминку перед предстоящим выступлением на площадке молодежного ресурсного центра.

Параллельно шла подготовка к открытию мероприятия, запланированного на 11:00, в котором принимали участие представители городского акимата и других служб.

Поясним, что это за событие. На этот раз состоялась презентация Центра активного долголетия в городе Қонаев, филиала головного центра, расположенного в Есике Енбекшиказахского района, который имеет статус областного. Организаторами мероприятия выступили ГУ «Управление координации занятости и социальных программ» и КГУ «Центр активного долголетия».

После исполнения гимна Республики Казахстан ведущие пригласили на сцену председателя совета аксакалов города Қонаев Бисентая Каршақбаева, который дал традиционное казахское бата за благополучие в добром начинании и мир в Казахстане.

Разрезание символической ленты, знаменующей открытие филиала Центра активного долголетия в Қонаеве, доверили почетным гостям - Бисентая Каршақбаеву, председателю совета женщин города Қонаев Даматкен Нусипбековой и руководителю управления занятости и социаль-



ных программ Алматинской области Айгуль Ахметовой.

С приветственными речами также выступили заместитель акима города Қонаев Сауле Нурсолтанова, руководитель управления координации занятости и социальных программ

Айгуль Ахметова, директор Центра активного долголетия Жания Сакташева, председатель областного совета женщин, член Ассамблеи народа Казахстана и координатор Центра активного долголетия Гульнар Жошибаева, а также почетный гражданин города Қонаев Базарбай Оналбаев.

Состоялась торжественная церемония передачи символического ключа от города Есик городу Қонаеву.

Первым на сцене выступил танцевальный ансамбль «Асылым» из Есика, сорвав заслуженные аплодисменты зрителей. Женщины в красивых костюмах исполнили казахский и русский танцы, показав отличную координацию, пластичность

и синхронность движений. В интервью корреспонденту, руководитель ансамбля Гульфия Джексембинова рассказала о том, что группа была создана 1 марта 2023 года. Самой молодой участнице - 63 года, а самой возрастной Шолпан Рузиевой - 75 лет.

Превосходно выступила и танцевальная группа из Қонаева под руководством Руфины Габаидуллиной, несмотря на минимальное время, отведенное на подготовку.

Центр активного долголетия предоставляет пенсионерам следующие виды услуг: лечебную физкультуру (ЛФК), хоровое пение, вокал, танцы для людей 60+, скандинавскую ходьбу, декоративно-прикладное искусство, цигун, йога, шахматы, тогыз кумалак, а также курсы казахского и английского языков и IT-грамотности. В Есике пенсионеры также посещают плавательный бассейн. Все это, подчеркнем, совершенно бесплатно.

(Окончание на 2-й стр.)

ЖАҢАЛЫҚТАР ВЕСТИ

Жазушы Бердібек Соқпақбаевтың 100 жылдық мерейтойы аталып өтті

Райымбек ауданы қазақ әдебиетінің Хантәңірі атанған Бердібек Соқпақбаевтың 100 жылдығын кең көлемде атап өтуді бастады, деп хабарлайды ВАQ.KZ.



Балалар әдебиетінің классигіне арналған мерейтойлық іс-шаралар легі аудандық Б.Мұқай атындағы мәдениет үйінде өткен «Болмысы бөлек Бердібек» атты салтанатты жиынмен жалғасын тапты.

Мерекеге жиналған қауым алдымен жазушының өмірі мен шығармашылығына арналған арнайы көрмемен танысты. Салтанатты жиынның шымылдығын «Бердібек әлеміне саяхат» атты театрландырылған қойылым ашты. Қойылымды қойған режиссер Сержан Молдасан. Сахнада Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Бауыржан Қаптағаяев, Ерлан Біләл, Еркебұлан Дайыров сынды танымал актерлер өнер көрсетті. Жазушы рөлін сомдаған Ербақ Құрманжанұлы көрермендердің ыстық ықыласына бөленді.

Жиын барысында Алматы облысының әкімдігінің қолдауымен жарық көрген Бердібек Соқпақбаевтың төрт томдық шығармалар жинағының тұсаукесер рәсімі өтті. Алматы облысы әкімінің орынбасары Болат Қайратұлы жиналғандарға облыс әкімі Сұлтанғазиев Марат Елеусізұлының құттықтау лебізін жеткізді. Сондай-ақ, жазушының қызы Самал Соқпақбаева, Қазақстан Жазушылар одағының басқарма төрағасы Мереке Құлкенов сөз сөйлеп, Бердібек Соқпақбаевтың қазақ әдебиетіне сіңірген еңбегіне тоқталды.

Кассиров «Казпочты» осудили за многомиллионные хищения в Алматинской области

По данному факту прокуратурой начато досудебное расследование, производство которого передано в департамент экономических расследований Алматинской области, передает агентство Kazinform.

В ходе следствия установлено, что кассиры АО «Казпочта» присваивали часть оплаченной госпошлины, путем фальсификации квитанций. Преступная схема действовала в период с 2021 по 2023 год при оформлении паспортов и удостоверений личности.

Сумма ущерба составила более 80 млн тенге. Приговором суда 2 кассира признаны виновными в совершении хищения имущества в особо крупном размере (ст.189 ч.4 п.2) Уголовного кодекса) с назначением наказания в виде лишения свободы.

Алматы облысында тауып алған атыс қаруын заңсыз сақтаған тұрғын 2 жылға сотталды

Алматы облысында тауып алған атыс қаруын заңсыз сақтаған тұрғынға қатысты сот шешімі шықты, деп хабарлайды Azattyq Rýhy.



Алматы облысы Райымбек аудандық сотында атыс қаруларды, оқ-дәрілерді заңсыз иемденді, сақтады, тасымалдады деген айыппен күдіктіге қатысты қылмыстық іс қаралды.

Алматы облыстық сотының мәліметіне сәйкес, 2024 жылдың 5 шілдесінде айыпталушы атқа отырып Алматы облысы Райымбек ауданы, Жамбыл ауылдық округіне қарасты «Ақкөл» жайлауында мал жайып жүрген кезінде, іннің аузынан шығып тұрған ақ түсті қапты көрген.

Қаптың ішінде ешбір құжатсыз «ВЕРПР-308» және «ТОЗ-8» маркалы қаруларын, 308 win калибрлі және 5,6 калибрлі қарулардың оқ-дәрілерін тауып алған.

Сот шешімінің өзіне тағылған іс-әрекеттерді жасағаны үшін кінәлі деп танып, оған 2 жыл мерзімге бас бостандығын шектеу жазасын тағайындады.

«Бердібек Соқпақбаев - 100»

БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНІҢ АЛЫБЫ

Биылғы жылдың басында асқар Алатаудан бастау алып, Түркі дүниесінің астанасы Анадолыда жалғасын тапқан қазақ балалар әдебиетінің алыбы Бердібек Соқпақбаевтың 100 жылдық мерейтойын бүкіл ел-жұрт асыға күткені белгілі. Осынау қарымды қаламгердің мерейтойын ұлықтауға арналған ұлы той ақыры қасиетті Хантәңірі етегіне де келіп жетті. Қыркүйек айының соңын ала жөні де жолы да бөлек айтулы шара Нарынқол ауылындағы Б. Мұқай атындағы мәдениет үйінде зор мереймен аталып өтілді. Парламент депутаттары, алыс-жақыннан келген қоғам қайраткерлері, қазақ әдебиетінің майталмандары, жазушының туған-туыстары, Бердібектің шығармаларымен сусындап өскен ел-жұрты жазушының шығармалары мен өмірінен сыр шертетін жәдігерлер көрерменге көзайым болды.

Бердібек Соқпақбаевтың туғанына 100 толуына арналған игі шаралар ағымдағы жылдың басында басталғаны қалың жұртқа мәлім. Облыс көлемінде жазушы шығармашылығын насихаттау мақсатында жанды жұмыстар жүргізілді. Білім ошақтарында, қоғамдық орындарда, жазушылар одағында көптеген игі істер жүзеге асырылды. Соның бір көрінісі-жазушының «Өлгендер қайтып келмейді» романының түрік тіліне аударылуы. Бұл кітаптың тұсауы Нарынқолда мамыр айында кесілгеніне жалпақ жұрт куә. Сондай-ақ, аудан орталығы Нарынқолдағы жастар саябағына Бердібек Соқпақбаевтың атының берілуі, саябақ ортасынан облыс әкімінің қолдауымен еңселі ескерткішінің орнатылуы, басқа да танымдық дүниелер жазушы мерейтойына қатысты игі істердің бастамасы болғаны анық.

Бұл күні мәдениет үйінде ине шаншар орын табылмады. Айтылар ниет-тілек пен ыстық ықыластың шеті-шегі болған жоқ десе де болады. Мерейтойдың беташары

«Бердібек әлеміне саяхат» атты театрландырылған сахналық қойылыммен басталды. Бекжан Тұрыс, Бауыржан Қаптағас, Ерлан Біләл, Еркебұлан Дайыров сияқты республикаға танымал сахна саңлақтары «Менің атым Қожа», «Қайдасың, Гауһар?», «Өлгендер қайтып келмейді», «Балалық шаққа саяхат», «Жекпе-жек» сияқты туындыларын театрландырылған сахнада көрермен назарына ұсынды. Саят Медеуов, Рамазан Стамғазиев, «Қоңыр тобы» сияқты өнер майталмандары әуелете ән шырқаса, мектеп оқушылары «Менің атым Қожа» кинофильміндегі Нұрғиса Тілендиевтің «Туған ел» әнін хормен айтып, көпшіліктің мерейін тасытты.

Жазушы өмірі мен шығармашылығына, өзгеден ерек болмыс бітіміне арналған «Болмысы бөлек Бердібек» атты екінші бөлімін Қазақстан Жазушылар Одағының төрағасы Мереке Құлкенов ашып, жүргізіп отырды. Жазушының қызы Самал Соқпақбаева әкесі туралы естеліктермен бөлісті.



Мерейтой иесі құрметіне биыл Алматы облысы әкімінің және Қазақстан Жазушылар одағының қолдауымен жазушының төрт томдығы жарық көрген еді. Кітаптардың тұсауын облыс әкімінің орынбасары Болат Күренбеков, Қазақстан Жазушылар Одағының төрағасы Мереке Құлкенов және жазушының қызы Самал Соқпақбаева кесіп, жұртшылыққа ұсынды.

Қуанышқа жиналған қалың қауымның ыстық ықыласына бөленген мерейтой артынша «Ұлт әдебиетінің алыбы» атты Алматы облысы мен Жетісу облысы ақындарының республикалық командалық айтысына жалғасты. Дәстүрлі ән өнерін дәріптеушілер мен жыршы, термеші, күйшілер көмейлерінен әсем әуен ұшырып, сахна төрінде қалықтатты. Домбыра шанағынан күмбірлете күй төгіп, өнер сүйер қауымның көңілін жаулады.

Айтысты айтулы өнердің саңлағы, ҚР Паламенті мәжілісінің депутаты, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері Аманжол Өлтай жүргізді. Қазылар алқасы айтыс ақындары мен әнші-күйшілердің өнерлеріне әділ қазылық жасады. Айтысты да, ән, терме, күйді де ұлт әдебиеті алыбының рухымен орайластыра білген екі команданың өрнекті өнерді өрге жүздірудегі шеберліктері өнер сүйер қауымның тарапынан жоғары бағаланды.

Мерейтойдың екінші күні Берді-

бек Соқпақбаев атындағы Жастар саябағында жалғасты. Саябақтың ортасына жаңадан орнатылған жазушы ескерткішінің ашылуына куә болуға асыққан қалың қауым белгілі орынға ертелеп жиналды. Қоғам қайраткерлері, Парламент депутаттары, қаламгерлер, осы өңірден шыққан танымал азаматтар жазушының жерлестерімен бірге ескерткіштің ашылу салтанатын

Самал Соқпақбаева ескерткіштің лентасын қиып, ақ жабуын төмен түсірді. Бас-аяғы 2,85 м. Тұғыры 1,75м, барлығы 5 метр биіктікке жуықтайтын, суқағарын оң қолының қарына іліп, алдыңғы жаққа күлімсіреп қарап тұрған еңселі мүсін көпшілікті сөз ұстасының сүйікті балаларымен, қалың оқырмандарымен қайта қауышып, орталарына қайта оралғандай әсерге бөледі.

Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаев бастаған мерейтой меймандары ескерткіштің ашылу салтанатынан кейін жазушының ескерткішінің маңындағы арнайы дайындалған орындарға қарағай көшеттерін отырғызды.

Сапар аясында Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаев бастаған делегация Қарасаз ауылына арнайы ат басын бұрып, Мұқағали Мақатаевтың әдеби-мемориалдық музейіне барды және өңірдің дарынды жастарын қолдауға арналған өнер мектебінің ашылу рәсіміне қатысты.

Сенат төрағасымен бірге ғимаратты аралап көрген облыс әкімі Марат Елеусізұлы мектеп ұжымына алдағы жұмыстарына сәттілік тілеп, 15 домбыраны сыйға тартты.

Тау тұлғалы жазушы мерейтойының ресми бөлімі Сарыжаз ауылында жалғасты.



қуаныш етісті. Мерейтойға Астана төрінен Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаевтың арнайы келіп, көптің қуанышына ортақ болуы да қалың қауымның ризашылығын тудырды. Шара жазушы ескерткішінің ашылуымен басталды. Ескерткішті ашу құрметіне ие болған Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаев, Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев, Қазақстан Жазушылар одағының басқарма төрағасы Мереке Құлкенов, жазушының қызы

Осылайша екі күнге созылған жазушының ұлан-ғасыр тойы Нарынқол мен Сарыжаздың алабында дүркіреп өтті. Қазақтың көрнекті жазушысы, балалар әдебиетінің туындылары, аса бай мұрасы ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, халық санасында одан сайын асқақтай берері сөзсіз.

Жұмабек ТӘЛПҰЛЫ,
Дәурен ЕРМЕКБАЙ.
Райымбек ауданы.

Социальная сфера

ЗДОРОВЬЕ НАЦИИ: СТАРОСТЬ В РАДОСТЬ!

(Окончание. Начало на 1-й стр.)

Помимо Есика, филиалы центра открыты в селе Шелек Енбекшиказахского района и в селе Мынбаево Жамбылского района, а теперь и в городе Қонаев, откуда мы ведем репортаж.

По словам руководителя областного управления координации занятости и социальных программ Айгуль Ахметовой: «Президент Касым-Жомарт Токаев в Национальном плане развития страны в области здравоохранения поставил задачи по повышению общего уровня здоровья населения и увеличению средней продолжительности жизни до 77 лет к 2029 году. Первые центры активного долголетия появились в 2016-2017 годах в Алматы. Аким области Марат Султанғазиев поручил открывать такие центры по всей области. С 2022 года мы начали прорабатывать этот вопрос и через год реализовали проект в Енбекшиказахском районе. Мы почувствовали, что люди очень нуждаются в таких учреждениях. Сюда с удовольствием приходят в возрасте от 61 до 93 (представьте себе!) лет! Мы продолжим активную работу в этом

направлении, вовлекая пожилых людей в активную общественную жизнь».

Журналисты и гости мероприятия наглядно убедились, что при желании можно переосмыслить

других районах, об этом мы беседовали с Гульнар Жошибаевой. В ближайших номерах нашей газеты «Алатау Ардагері» продолжим публикации на эти темы. А также поведаем об увлеченных, несмотря



известную поговорку «Старость не в радость», ведь центры активного долголетия доказывают обратное.

P.S. Из-за нехватки места в выпуске, мы не смогли подробно рассказать о танцевальных ансамблях, их руководителях, группах скандинавской ходьбы и планах по открытию новых филиалов в

на свой почтенный возраст, спортом, танцами людям, заряжающих своей энергией и настойчивостью в достижении поставленных целей - таких, как Светлана Федорова из Қонаева, у которой мы взяли отдельное интервью. Словом, следите за публикациями.

Рамазан ЕЛЕШЕВ,
г. Қонаев

Рухани дүние



АШЫБҰЛАК

БАТАГӨЙЛЕРІНІҢ ЖЕНІСІ

Қазақстан Халқы ассамблеясы жанындағы облыстық ақсақалдар кеңесінің «Батагөй» республикалық байқауы 17-қыркүйек күні Жамбыл ауданына қарасты Жамбыл ауылында өтті.

Осы дүбірлі сайыста Іле ауданының намысын қорғаған Ашыбұлақ ауылдық округінің тұрғыны, белгілі батагөй қариямыз Қылышбаев Қайрадин өзінің немересі, әрі шәкірті №37 орта мектебінің 9 сынып оқушысы Қайрадин Нұрсұлтан екеуі өте тартымды өнер көрсетіп, жүлделі ІІІ-орынды жеңіп алды. Нәтижесінде ұйымдастырушылардың ІІІ дәрежелі дипломы мен ақшалай сыйлықтар табыс етілді.

Ұзақ жылдардан бері ұлттық салт-дәстүрімізді шынайы насихаттап, шәкірт тәрбиелеп жүрген Қайрадин қариямызға және немересі Нұрсұлтанға жүлделерің құтты болсын деген жүрекжарды тілегімді жеткізіп отырмын.

Дәулетбай ЖАМАЛБЕКОВ,
Ашыбұлақ ауылдық округі ардагерлер кеңесінің төрағасы.
Іле ауданы.

Поздравляем

ДОРОГАЯ НАША НУРЖАМАЛ

Сегодня твой замечательный юбилей и мы хотели бы сказать по этому поводу несколько теплых слов от нашей семьи. Есть такая хорошая, поговорка: Ничто не заменят старой дружбы! Очень точное высказывание!

Вы из той когорты старых товарищей, выросшей в советское время, где ценилось честность, простота, взаимовыручка, душа. Мы рады, что время не изменило тебя и через годы ты пронесла эти важные человеческие качества. И где бы ни работала, - в социальной сфере Илийского района, в пенсионных фондах Алматы и области - ты всегда была на передовых позициях, проявляла профессионализм, такт, умение понять и выслушать каждого клиента, каждого сотрудника. Ты можешь найти подход к каждому человеку и помочь в трудную минуту. Вот почему твои ученики никогда не забывают своего учителя и руководителя, а друзья ценят тебя за постоянство, пунктуальность и щедрость души!

Мы желаем тебе - здоровья, бодрости духа и оптимизма!

С уважением твои старые друзья -
Сакен и Сара Худайбергеновы..



БІЛГЕНГЕ МАРЖАН

ҰМЫТ БОЛҒАН САЛТ ДӘСТҮР

Ырым-тыйымымен қоса, наным-сенімдері де таусылмайтын халқымыздың керемет тәрбие беретін, өнеге ететін таным-түсініктері адамдық болмыстан аттамауға шақырады. Сан ғасырлар бойы маңызын жоймай келе жатқан дәстүрлердің ішінде де кейде елеусіз қалдыратын, бірақ астарына үңіліп қарасақ мейірімділік пен жанашырлыққа, бауырмалдылыққа тәрбиелейтін салттар көп-ақ. Солардың бірнешеуіне тоқталайық.

КӨЗ АҚЫСЫ.

Көзақысын беру керек, әйтпесе береке мен несібе қашады деген түсінік бар. Ал бұл дәстүрді қазіргі күнде көпшілік сақтай бермейді. Өйткені көз ақысы дегеннің не екенін де түсінбейді. Көз тиюмен шатастырмау керек, бірақ екеуінің ұқсастығы да жоқ емес. Бұл әсіресе балаларға қатысты. Бала көргенін, қызыққанын алу керек. Баланың мекенін қайтармау керек. Бала болған соң ата-анасымен қонаққа немесе базарға барғанда өзіне ұнаған затқа қатты қызығады, соны

алғысы келеді. Бұл жерде ол өзі қызыққан заттың біреудікі екенін не болмаса оның ақша тұратынын түсінбейді. Үлкендер жағы үйіне қонаққа келген балаға тәтті ұстатып немесе киім-кешекпен қуантуға тырысады. Ал баланың көзі мүлде басқа басқа затқа түседі. Мұны көз ақысы дейді. Сондай кездері көз ақысы дегенді түсінетін біреу болса баланың көңілін табуға тырысады. Ырыздығын қақпайды.

ТҮЛ ҚАЙЫРУ

Күйеуі қайтыс болған кезде ата-енесінің қолында қалған келіннің алдағы өміріне байланысты қазақта «тұл қайыру» деген дәстүр болған. Ертеде баласынан айырылған ата-ене келіндерінің болашағын ойлап, оған «сен басқа бір адамға тұрмысқа шық», - деп бетіне айтпаған. Келіндері де «менің басымды босатыңыздар», - деп сөз де қозғамаған екен. Осының бәрін ырым арқылы тұспалдап жеткізген. Яғни, сол үйге қайтыс болған жігіттің ағайындары және руластары қонаққа шақырылады. Қонақтар келген кезде келіннің жүгі жинаулы тұрады. Жинаулы жүктің үстіне жабылғыштың шеті қайырылып тұрса, онда келіннің екінші қайтара тұрмыс құруға қарсы емес екенін білдіреді. Мұндайда жақын ағайындары келіннің енді кіммен бас қоса-



тындығын ақылдасып шешеді. Ал, егер жүктің үстіндегі жабылғыштың шеті төмен түсіп тұрса, келіннің «бұл үйден ешқайда бармаймын» дегенін білдіреді. Жалпы «тұл» деген сөзін өзі жалғыз қалды деген мағананы білдірсе керек. «Тұл жетім», «тұл жесір» деген осыдан шыққан

ЕР АДАМНЫҢ АЛДЫН КЕСПЕЙДІ.

Ер адамның алдын кесе өту жақсы ырым емес. Тіптен кішкентай ұл баланың да алдын кеспеген. Мұның өзі ер адамдардың қадір-қасиетін білдіреді. Осыған байланысты Төле бидің баласына келін таңдап беруіне байланысты оқиға бар.

Атақты Төле би: – Балама әйелді өзім таңдап алып беремін. Байдың байлығына, бидің билігіне қызықпаймын. «Асыл пышақ қын түбінде жатпайды» деген. Келінім ақылды болса, балама дана болады. Ердің бақыты – әйел. Ел сыйлайтын ерді ақылмен адам етіп тәрбиелейтін әйел, кең жайылған дастарханымен ердің атын шығаратын да әйел. Малына, байлығына қызығып, ешкімге құда болмаймын. Келінді асықпай ел арасынан өзім іздеймін. Бұйрық болып, кездесе көрермін. Ырыс, бақыт, қызыр да әйелде. Әйел қызырлы болса, үйіңнен жақсы адам кетпейді. Мысалы, берекелі үйге кім келмейді? Жақсы әйелдің арқасында ердің даңқы кетеді. «Би бол, би болмасаң би түсетін үй бол» деген. Би түскендей үй болу – әйелден, – деп келін іздеуге жолға шығыпты. Сонда аттары болдырып, шөлкеп-шөлкеп келе жатқан жолаушылардың алдынан бір топ атты қыз-келіншек көрінеді. Ол топтың ішінде Данагүл дейтін кедейдің қызы бар еді. – Ау, апайлар, тоқтаңыздар, аттарыңыздың басын тартыңыздар. Жоғары жақтан бірқатар аттылар келе жатыр, алдынан кесе-көлденең өтпейік. Үлкендердің алдынан кесіп өту дұрыс болмайды. Олар ел, жер қорғайтын ерлер. Кім біліпті, араларында асқан ақылды, данышпан қариялары, ашулы, арынды батырлары бар шығар. «Ер сыйлаған есікте қалмас» деген. Әлі-ақ бәрімізде бір-бір үй-

дің иесі боламыз. Шарапат-жақсылығы тиер, үлкен кісілердің батасын алып, алғысына бөленейік. Апалар, аттарыңыздың басын тартыңыздар, тосып тұралық. Атты кісілер алдымыздан кесіп өтсін. Сонан соң жүрсек те ауылымызға жетерміз, – депті Данагүл. Жол кеспей өздерін күтіп тұрғанын Төле би алыстан байқайды. Жақындап келгенде аттан түсіп сыпайы сәлемдескен Данагүлден не үшін кідіргенін сұрайды. Сондағы жауабына разы болған Төле би осы бір ғана қасиетінен-ақ келін қылып алуға бел буыпты.

Жалпы ертеде еркекті көктем күш алатын күш-қуат иесі санаған. Сондықтан еркектің алдын ешқашан кесіп өтпеген. Кесіп өтсең жолың болмайды деп санаған. Тіптен ер-азамат алыс сапарға шыққанда өзі айтпаса, одан қайда баратынын сұрамаған. Оны жаман ырымға балаған.

ТАБАН ТІЛУ

Көне заманнан келе жатқан бала таппаған әйелдің ырымы бар. Бала таппаған әйелді абысындары «о дүниеге таза кетсін, бойындағы баламен шығатын қан кетсін», - деп табанынан қан шығарған. Қазақ бала таппаған әйелді «пұшпағы қанамаған» деп айтады. Бала таппаған әйелдің мүсіні бұзылмайды әрі сұлу болады. Ырымшыл қазақ мұндай әйелдерді сыртынан мүсіркеп, «Құдай бұл әйелге бір шикі өкпені қимаған ғой» деп аяушылық танытқан. Алайда, «Жатыры қанамағаннан, жақсылық күтпе» деп оларды босанатын әйелдің жанына жақындаптайды, баланың кіндігін кестірмейді, бесікке баланы салдырмайды, жаңа түскен келінге шашу шаштырмайды.

Сол әйел қайтыс болағанда денесін сүйекке түскен адамдардың бірі оның табанын тіліп, «о дүниеге таза кетсін» деп іштегі арам қанын шығарған. Содан кейін барып, жуындырып, кебіне ораған. Мұның өзі сауапты іс саналған. Мұны қазіргі адамдардың білгені жөн.

Ғаламтор желісі бойынша дайындаған
Роза АЙДАРБЕКОВА



АЛАТАУ
Ардагері

Басылым 2023 жылғы 7 қыркүйектен шыға бастады

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Ардагер ұйымы»
Республикалық қоғамдық бірлестігі
Алматы облыстық филиалы
Директор:
Ерболат ТҰРЫМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР:

Роза Айдарбекова
Тел.: 8 777 251 9310

ТІЛШІЛЕР:

Алтынбай Сиқымбек
Тел.: 8 705 965 3661

Рамазан Елешев
Тел.: 8 747 706 1334

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

«Алатау ардагері» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.

Газет аптасына 1 рет – жұма күні шығады

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылдың 21 тамызында тіркеліп KZ91VPY00075894 номерлі куәлігі берілген.

Газет «Алматы-Боашақ» акционерлік қоғамының баспаханасында басылды. Алматы қаласы С.Мұқанов көшесі, 23-В.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Қонаев қаласы, Жамбыл көшесі, 13/1.
«Алатау ардагері» газеті басылымының бүгінгі санның таралымы – 3917
Тапсырыс №1725
Индексі – 65472.